Бекітемін

Мектеп директоры:мед Г.М.Умирзахова

Панфилов атындағы жалпы орта мектебі бойынша вариативті к компонент сағаттарының кестесі. 2025-2026 оқу жылы

Күні	Тақырыбы	Сыныбы	Уақыты	Пән мұғалімі
IV күн	ж/т « Математика және логика »	1 а	10.40-11.25	Қайсекенова М
III күн	ж/т « Математика және логика »	1 ә	10.40-11.25	Тулегенова Г
II күн	ж/т «Жұмбақтар сандығы»	2	17.40-18.25	Наурызғалиева Р
IV күн	ж/т « Математика шыңы»	2	17.40-18.25	Наурызғалиева Р
I күн	ж/т « Математика және логика »	3	18.30-19.15	Бейшова Ж
IV күн	ж/т « Математика өмірде»	4	12.30-13.35	Лукпанова Қ
II күн	Жаһандық құзыреттілік	5	18.30-19.15	Мурзагалиева г
III күн	Жаһандық құзыреттілік	6 а	18.30-19.15	Мурзагалиева Г
IV күн	Жаһандық құзыреттілік	6 ә	18.30-19.15	Мурзагалиева Г
IV күн	Жаһандық құзыреттілік	7 а	19.20-20.05	Мурзагалиева Г
V күн	Жаһандық құзыреттілік	7 ә	18.30-19.15	Мурзагалиева Г
III күн	Жаһандық құзыреттілік	8	13.20-14.05	Ескалиева Л
II күн	Жаһандық құзыреттілік	9 а	12.30-13.15	Мурзагалиева Г
II күн	Жаһандық құзыреттілік	9 ә	13.20-14.05	Мурзагалиева Г
II күн	Жаһандық құзыреттілік	10	12.30-13.15	Ескалиева Л
IV күн	Жаһандық құзыреттілік	11	12.30-13.15	Мурзагалиева Г
V күн	э/к «Математика және комбинаторика негіздері»	11	13.20-14.05	Малиева А
V күн	э/к «Туризм географиясы»	10	10:40-11:25	Мурзагалиева Г
II күн	э/к «Ұлттық құндылықтар»	10	15:40-16:25	Абулхайырова Г
IV күн	э/к «Алаштану»	11	16:00-16:45	Ажмеденова Т

Оқу ісі орынбасары: Дюсенбаева Е

Атырау облысы
Құрманғазы ауданы
Панфилов атындағы жалпы орта мектебі КММ

«Математика және логика»



таңдау пән

Мұғалім:М.М.Кайсекенова

1 А сынып

2025-2026 оқу жылы

Бекітемін: _____
« 28 » 08 2025-2026 оқу жылы
Мектеп директоры м.а:Л.М.Умирзахова

Келісемін: _____
« 18 » 08 2025-2026 оқу жылы
О.І.М: Е.С.Дюсенбаева

Түсінік хат

«Математика және логика» қосымша курсының басты мақсаты:
Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

«Математика және логика» қосымша курсының міндеттері:
- Математиканы үйренуге ынтасын арттыру, оқушыларды қызықтыру әрекеттерін қалыптастыру.
- Ойын дәлелді жеткізе білуге жаттықтыру.
- Математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту.
- Шығармашылық ізденіске жетелеу.
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру.
- Талдау, жинақтау, ұқсастықты табу,ерекшелікті ажырату әрекетін дамыту.
- Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

«Математика және логика» бағдарламасы тапсырманы әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі жолдармен есеп шығарудың негізін әзірлейді, тұлғалық –бағыттық тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді. Түрлі жолдармен есепті шешу оқушының өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады,күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдаяттардан жол табу қабілеттерінің дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағытын ұстанады.

Күтілетін нәтиже:
- Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді
- Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады
- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады
- Проблемалық жағдаятты шеше алады
- Шығармашылықпен жұмыстана бастайды

«Математика және логика» курсының тақырыптарының мазмұны

I бөлім "Заттардың қасиеті" 8 сағат

Заттардың қасиетін табу керек, заттарды салыстырады, кесіндінің сиқыры, бөлу, құрастыру, қосу, азайту, теңдік құр, тең, артық, кем, сонша, сурет бойынша өрнек құру, бөлімді қортындылау ретінде бақылау жұмысы алынады.

II бөлім Математикалық ойындар-7 сағат

Оқушылармен білімдерін саралау мақсатында деңгейлік тапсырмалар орындату. Сурет бойынша теңдіктер құру, Кел, ойнайық! Салыстырудың құпиясы, Кім жүйрік? "Математикалық тізбектер", Есептер еліне саяхат, бөлімді қорытындылау ретінде оқушылардан өзіндік жұмыс алынады.

III бөлім Есептер еліне саяхат- 9 сағат

Эстафеталық ойлау есептерімен қызығушылықтарын туғызып, ойната отырып есептерді шығарту. Есептер еліне саяхат, «Болды-өзгерді-қалды» есеп шығару, Сурет бойынша есептер шығару, Математикалық диктант, Логикалық есептер, "Ойлан тап",
Артық-кем, қымбат-арзан, Логикалық есептер, бөлімді қорытындылау ретінде бақылау жұмысын жаздыру.

IV бөлім Сандар сыры- 9 сағат

Сандар сыры, "Математикалық тізбек " ойыны, "Әріпті өрнектер" еліне саяхат, Кел, ойнайық!, "Ойлан тап", «Жас математиктер» турнирі, Ондықтар еліне саяхат, бөлімді қорытындылау ретінде өзіндік жұмыс алынады. Логикалық ойлау есептері, тестер арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін және математика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру.

Қызықты математикалық есептер құрастыру, шешімдерін табу, бір-бірін тексере алуға баулу. Деңгейлік тапсырмалар орындау барысында білім деңгейлерін бақылау.

«Математика және логика» курсының

Күнтізбелік жоспары

№	Тақырып мазмұны	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
	I бөлім 8 сағат Заттардың қасиеті			
1	Сиқырлы суретші	1	4.09	
2	"Ұқсастығын тап, айырмашылығын ажырат"	1	11.09	
3	Кесіндінің сиқыры	1	18.09	
4	"Пазл" құрастыру	1	25.09	
5	Біз есептей аламыз	1	02.10	
6	Сурет бойынша теңдік құр	1	09.10	
7	Салыстырудың құпиясы. Кім жүйрік?	1	16.10	
8	Сурет бойынша өрнек құру	1	23.10	
	II бөлім 7 сағат Математикалық ойындар			
9	Сурет бойынша теңдіктер құру	1	06.11	
10	Кел, ойнайық!	1	13.11	
11	Салыстырудың құпиясы	1	20.11	
12	Кім жүйрік?	1	27.11	
13	"Математикалық тізбектер"	1	04.12	
14	Геометриялық фигуралар	1	18.12	
15	Есептер еліне саяхат	1	25.12	
	III бөлім 9 сағат Есептер еліне саяхат			
16	Есептер еліне саяхат	1	08.01	
17	«Болды-өзгерді-қалды» есеп шығару	1	15.01	
18	Сурет бойынша есептер шығару	1	22.01	
19	Математикалық диктант	1	29.02	
20	Логикалық есептер	1	05.02	
21	"Ойлан тап"	1	12.02	
22	Артық-кем, қымбат-арзан	1	19.02	
23	Логикалық есептер	1	26.02	
24	Бақылау жұмысы	1	05.03	
	IV бөлім 9 сағат Сандар сыры			
25	Сандар сыры	1	12.03	
26	"Математикалық тізбек " ойыны	1	19.03	
27	"Әріпті өрнектер" еліне саяхат	1	02.04	
28	Кел, ойнайық!	1	09.04	
29	"Ойлан тап"	1	16.04	
30	«Жас математиктер» турнирі	1	23.04	
31	Ондықтар еліне саяхат	1	30.04	
32	Кім жылдам есептейді.	1	14.05	
33	Қорытынды сабақ	1	21.05	
	Барлығы:	**33**		

Мұғалімге ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы. Көкшетау. «Келешек-2030»ЖШС, 2010

2. Тестер жинағы. Алматы.Өнер 2005 баспасы.

3. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемінде. Шымкент. 2003

4. Математикалық жазулар. Алматыкітап баспасы, 2012

5. Қызықты математика Алматы кітап 1998.
6. «Ойнайық та, ойлайық» Алматы кітап 1996.
7. «Кім зерек?» Алматы 1993.
8. «Сказочные задачи» 1 сынып О.В.Лысова, О.В.Кутянина
9. «Қызықты математика» Ә.Б.Ақпаева,Л.А.Лебедева, В.В.Буровова «Алматыкітап» 2011ж.
10. «Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар» Ш.Х.Құрманалина, С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ. Өміртаева «Атамұра» 1997 ж.
11. «Математикадан ойындар мен қызықты тапсырмалар» Т.К.Жикалкина,. Алматы «Рауан» 1992ж.

12. Линго Т.И. Ойындар, ребустар, кіші оқушыларға арналған жұмбақтар.- Ярославль: Даму академиясы,2002 ж.

13. К.Ерешева, С, Төрениязова , А.Нарымбетова Математиикадан өзіндік және бақылау жұмыстары. 2010 ж.

14. Ә.Б.Ақпаева Математика 1 сынып 2009

Оқушыларға ұсынылған әдебиеттер

1. Оқушының анықтамалығы 1-4 сынып «Алматыкітап баспасы» 2009

2. Математика пәні бойынша тест тапсырмаларының жинағы

«Келешек-2030», 2008

3. «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ» журналдары

Қазақстан Республикасы оқу- ағарту Министрлігі
Атырау облысы
Құрманғазы ауданы
Панфилов атындағы жалпы орта мектебі.

«Бекітемін»
Мектеп директоры м.а :
---------- М.Умирзахова
«01» ---09---------- 2025ж

« Келісемін»
ДОТЖО:
---------- Е.С.Дюсенбаева
«28» ---08----------2025ж

« Математика және логика»

Сынып: 1 «ә»

Мұғалім: Г.Тулегенова

2025- 2026 оқу жылы

Түсінік хат

«Математика және логика » үйірме 1 «ә» сынып

Аптасына 1 сағат, жылына 33 сағат

6-7 жастағы баланың абстрактілі ойлау деңгейі-дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындауға қажетті логикалық пайымдаулар құру, ой қорытуды жүргізе алу біліктерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан бірінші сыныпқа арналған «Математика және логика » арнайы курс бағдарламасы осы ерекшеліктерді есепке ала отырып құрылған.

Бүгінгі күні математиканың қолданылмайтын жері жоқ. Сондықтан әр оқушыны математикалық сауаттылықтың жоғары деңгейіне жеткізу міндеті тұр. « Математика және логика » бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса математикалық, логикалық, танымдық мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, ойлау қабілеті жетілдіріледі.

« Математика және логика » бағдарламасы арқылы оқушылар қоршаған ортаны таниды, ұлттық мәдениетті, моральды, дүниетанымды сезіне бастайды, сөйлеуге дағдыландыруда оқушының өзіндік ерекшелігі айқындала түседі. « Математика және логика » бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса оқып—үйрену барысында оқушылар алғашқы тілдік мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, сөйлеу дағдылары жетілдіріледі.

Көңілді жаттығулар, викториналар, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Өтілетін жұмыстар мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған.

«Математика және логика » арнай курс бағдарламасында келесі тапсырмалар түрлері енгізілген:

-геометриялық мазмұндағы және кеңістік ұғымын дамытуға арналған тапсырмалар;

-жиынмен байланысты амалдарды орындауға арналған тапсырмалар;

-математикалық басқатырғыштар;

-логикалық қортындылар;

-лабиринттер;

-көңілді жаттығулар;

-сөзжұмбақтар;

Білім беру мақсаты:

Баланың тұлғалық қасиеттерін: ақыл-ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға математикалық білім, білік, дағдыларын игерту; шығармашылық қабілеттерін арттыру; зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

Міндеті:

- Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру;
- Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- Математикалық тілде сөйлеу машығын қалыптастыру;
- Оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру.

Оқу курсының тақырыптарының мазмұны

I бөлім "Заттардың қасиеті" 8 сағат

Заттардың қасиетін табу керек, заттарды салыстырады, кесіндінің сиқыры, бөлу, құрастыру, қосу, азайту, теңдік құр, тең, артық, кем, сонша, сурет бойынша өрнек құру, бөлімді қортындылау ретінде бақылау жұмысы алынады.

II бөлім Математикалық ойындар-8 сағат

Оқушылармен білімдерін саралау мақсатында деңгейлік тапсырмалар орындату. Сурет бойынша теңдіктер құру, Кел, ойнайық! Салыстырудың құпиясы, Кім жүйрік? "Математикалық тізбектер", Есептер еліне саяхат, бөлімді қорытындылау ретінде оқушылардан өзіндік жұмыс алынады.

III бөлім Есептер еліне саяхат- 9 сағат

Эстафеталық ойлау есептерімен қызығушылықтарын туғызып, ойната отырып есептерді шығарту. Есептер еліне саяхат, «Болды-өзгерді-қалды» есеп шығару, Сурет бойынша есептер шығару, Математикалық диктант, Логикалық есептер, "Ойлан тап",
Артық-кем, қымбат-арзан, Логикалық есептер, бөлімді қорытындылау ретінде бақылау жұмысын жаздыру.

IV бөлім Сандар сыры- 8 сағат

Сандар сыры, "Математикалық тізбек " ойыны, "Әріпті өрнектер" еліне саяхат, Кел, ойнайық!, "Ойлан тап", «Жас математиктер» турнирі, Ондықтар еліне саяхат, бөлімді қорытындылау ретінде өзіндік жұмыс алынады. Логикалық ойлау есептері, тестер арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін және математика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру.

Қызықты математикалық есептер құрастыру, шешімдерін табу, бір-бірін тексере алуға баулу. Деңгейлік тапсырмалар орындау барысында білім деңгейлерін бақылау.

Мұғалімге ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы. Көкшетау. «Келешек-2030»ЖШС, 2010

2. Тестер жинағы. Алматы.Өнер 2005 баспасы.

3. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемінде. Шымкент. 2003

4. Математикалық жазулар. Алматыкітап баспасы, 2012

5. Қызықты математика Алматы кітап 1998.
6. «Ойнайық та, ойлайық» Алматы кітап 1996.
7. «Кім зерек?» Алматы 1993.
8. «Сказочные задачи» 1 сынып О.В.Лысова, О.В.Кутянина
9. «Қызықты математика» Ә.Б.Ақпаева,Л.А.Лебедева, В.В.Буровова «Алматыкітап» 2011ж.
10. «Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар» Ш.Х.Құрманалина, С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ. Өміртаева «Атамұра» 1997 ж.
11. «Математикадан ойындар мен қызықты тапсырмалар» Т.К.Жикалкина,. Алматы «Рауан» 1992ж.

12. Линго Т.И. Ойындар, ребустар, кіші оқушыларға арналған жұмбақтар.- Ярославль: Даму академиясы,2002 ж.

13. К.Ерешева, С, Төрениязова , А.Нарымбетова Математиикадан өзіндік және бақылау жұмыстары. 2010 ж.

14. Ә.Б.Ақпаева Математика 1 сынып 2009

Оқушыларға ұсынылған әдебиеттер

1. Оқушының анықтамалығы 1-4 сынып «Алматыкітап баспасы» 2009

2. Математика пәні бойынша тест тапсырмаларының жинағы «Келешек-2030», 2008

3. «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ» журналдары

Күнтізбелік жоспар

№	Тақырып мазмұны	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
	I бөлім 8 сағат Заттардың қасиеті			
1	Сиқырлы суретші	1	3.09 25	
2	"Ұқсастығын тап, айырмашылығын ажырат"	1	10.09	
3	Кесіндінің сиқыры	1	17.09	
4	"Пазл" құрастыру	1	24.09	
5	Біз есептей аламыз	1	1.10	
6	Сурет бойынша теңдік құр	1	8.10	
7	Салыстырудың құпиясы. Кім жүйрік?	1	15.10	
8	Сурет бойынша өрнек құру	1	22.10	
	II бөлім 8 сағат Математикалық ойындар			
9	Сурет бойынша теңдіктер құру	1	5.11	
10	Кел, ойнайық!	1	12.11	
11	Салыстырудың құпиясы	1	19.11	
12	Кім жүйрік?	1	26.11	
13	"Математикалық тізбектер"	1	3.12	
14	Геометриялық фигуралар	1	10.12	
15	Есептер еліне саяхат	1	17.12	
16	Өзіндік жұмыс	1	24.12	
	III бөлім 9 сағат Есептер еліне саяхат			
17	Есептер еліне саяхат	1	14.01	
18	«Болды-өзгерді-қалды» есеп шығару	1	21.01	
19	Сурет бойынша есептер шығару	1	28.01	
20	Математикалық диктант	1	4.02	
21	Логикалық есептер	1	18.02	
22	"Ойлан тап"	1	25.02	
23	Артық-кем, қымбат-арзан	1	4.03	
24	Логикалық есептер	1	11.03	
25	Бақылау жұмысы	1	18.03	
	IV бөлім 8 сағат Сандар сыры			
26	Сандар сыры	1	1.04	
27	"Математикалық тізбек " ойыны	1	8.04	
28	"Әріпті өрнектер" еліне саяхат	1	15.04	
29	Кел, ойнайық!	1	22.04	
30	"Ойлан тап"	1	29.04	
31	«Жас математиктер» турнирі	1	6.05	
32	Ондықтар еліне саяхат	1	13.05	
33	Білімді тиянақтау.Тест	1	20.05	
	Барлығы :	**33**		

Бекітемін:
Мектеп директорының у.м.а.: Л.Умирзахова

Келісемін:
Оқу ісінің меңгерушісі: Е.Дюсенбаева

Бастауыш сынып оқушыларына арналған вариативтік бағдарлама
2025 – 2026 оқу жылы
2 – сыныпқа арналған факультативтік курстың бағдарламасы

«Жұмбақтар сандағы»

Бастауыш сынып мұғалімі: Р.Г.Наурызгалиева

Түсінік хат.

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің Орта білім берудің (бастауыш) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген. 1-4 сыныптардың «Жұмбақтар сандығы» қосымша курсына аптасына 1 сағаттан,барлығы 34 сағат бөлінген.

Жұмбақ– адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір затты немесе құбылысты тұспалдап сипаттайтын шағын әдеби жанр.

Қай кезді алсақ та, жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде халық арасында бағалы болған. Сырт қарағанда, соңғы уақыттарда жазба әдебиет күшеюімен қатар, "Жұмбақ азайған шығар, жаңадан жасалмайтын шығар" деген ойлар болушы еді. Анығында бұл ой теріс боп шықты. Жұмбақ қазақ халқының арасында да және барлық басқа халықтарының арасында да әлі күнге тыңнан туып, молайып, дамып келеді.

Жұмбақ жанры ана тілінің нәрлі, бейнелі сөздеріне қызықтырып, баланы халық поэзиясы әлеміне баурайды, оған эстетикалық ләззат береді. Баланың ақыл ой қабілетін дамытып, ой-өрісін, танымдарын кеңейтеді. Жұмбақтар заттардың, нәрселердің, құбылыстардың қыр-сырларын талдауға, салыстыруға, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табуға үйретеді.

Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің барлығы дерлік балаға өмір танытарлық қызмет атқарары сөзсіз. Айнала қоршаған ортаның қыр-сырын, сын-сипатын танытып, таным әрекеттерін, яғни қиялын, ойлауын, еске сақтауын, тілін дамытады. Баланы тәрбиелеу ісіне қажетті барлық мүмкіндіктер ауыз әдебиеті үлгілерінен табылып, халықтық шығармаларды оқып-танысу барысында адамгершілік асыл қасиеттердің адамды адам мұратына жеткізетініне, ал жаман қылық, жат әрекеттердің зияны тиіп, жаманшылыққа ұшыратынына көз жеткізеді. Бұл балалардың ақыл-ойын дамыту мәселесін шешудің бір жолы деп білеміз.

Жұмбақ - логикалық мәтінді есеп. Жұмбақты шешу- ол сұраққа жауап беру, яғни күрделі ойлану әрекетін жасау.Жұмбақта жасырынған зат шифрланған, жасырылған яғни, оны шешу тәсілдері өте көп.Жұмбақты шеше отырып балалардың даму мүмкіндіктері сан алуан. Ең маңыздылары:

Тапқырлығын, ой-өрісін, шапшаңдылығын дамытады.
Ақыл-ойдың жұмысын арттырады.
Ойлау, сөйлеу, есте сақтау, зеректігін, фантазиясын дамытады.
Қоршаған дүние туралы білімдерін кеңейтеді.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар– 2 сынып
« Жұмбақтар сандығы»

Аптасына 1 сағат **Жылына 34 сағат**

№	Тақырыбы:	Сағат саны	Өтілетін уақыты
1	Жұмбақтар әлеміне саяхат.	1	02.09
2	Жұмбақтың түрлері	1	09.09
3	Жұмбақ есеп	1	16.09
4	Ертегі кейіпкерлері туралы жұмбақтар	1	23.09
5	Үй жануарлары мен жабайы аңдар туралы жұмбақтар	1	30.09
6	Көкөністер мен жемістер туралы жұмбақтар	1	07.10
7	Табиғат құбылыстар туралы жұмбақтар	1	14.10
8	Тұрмыстық заттар туралы	1	21.10
9	Суретті жұмбақ	1	04.11
10	Сөзжұмбақ құрастыру	1	11.11
11	“Тауып көр” ойыны	1	18.11
12	Жұмбақтар сайысы	1	25.11
13	Есеп жұмбақтар	1	02.12
14	Жұмбақ айтыстар	1	09.12
15	Жұмбақ ертегілер	1	23.12
16	Өлеңмен айтылатын жұмбақтар	1	13.01
17	Жұмбақпен айтылатын шешендік сөздер	1	20.01
18	Диалогқа құрылған сұрақ-жауап жұмбақтар	1	27.01
19	Қара сөз түріндегі жұмбақтар	1	03.02.
20	Ұйқас сөздер жұмбағы	1	10.02
21	Ребус құрастыру	1	17.02
22	Жұмбақтар сайысы	1	24.02
23	Аспан денелері туралы жұмбақтар	1	03.03
24	«Сөз ұйқасын тап, өлең құрастыр»	1	10.03
25	“Кім тапқыр” ойыны	1	17.03
26	Математикалық жұмбақтар	1	07.04
27	Санамақ құрастыру	1	14.04
28	“Суреттер сөйлейді”	1	21.04
29	Мамандық иелеріне арналған жұмбақтар	1	28.04
30	Оқу құралдары мен білімге арналған жұмбақтар	1	05.05
31	Адам дене мүшесіне арналған жұмбақтар		
32	“Сөзжұмбақ құрастыра білейік”	1	12.05
33	«Ал, қанеки, шешейік!»		
34	Қорытындылау. "1001мақал-101 жұмбақ"	1	19.05

Барлығы: 34 сағат.

Бекітемін:

Мектеп директоры. Л.М. Умирзахова

Келісемін:

Оқу ісінің меңгерушісі: Е.С.Дюсенбаева

Бастауыш сынып оқушыларына арналған вариативтік бағдарлама

2025-2026 оқу жылы 2- сыныпқа арналған факультативтік курстың бағдарламасы

«Математика және логика»

Бастауыш сынып мұғалімі: Р.Г.Наурзгалиева

2-сыныпқа арналған факультативтік

курстың бағдарламасы

« Математика және логика »

Түсінік хат

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің Орта білім берудің (бастауыш) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.
2 сыныптың «Математика және логика» қосымша курсына аптасына 1 сағаттан, барлығы 34 сағат бөлінген.

«Математика және логика» қосымша курсының басты мақсаты:
Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

« Математика және логика» қосымша курсының міндеттері:
- Математиканы үйренуге ынтасын арттыру, оқушыларды қызықтыру әрекеттерін қалыптастыру.
- Ойын дәлелді жеткізе білуге жаттықтыру.
- Математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту.
- Шығармашылық ізденіске жетелеу.
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру.
- Талдау, жинақтау, ұқсастықты табу,ерекшелікті ажырату әрекетін дамыту.
- Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

«Математика және логика» бағдарламасы тапсырманы әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі жолдармен есеп шығарудың негізін әзірлейді, тұлғалық –бағыттық тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді. Түрлі жолдармен есепті шешу оқушының өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады,күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдаяттардан жол табу қабілеттерінің дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағытын ұстанады.

Күтілетін нәтиже:
- Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді
- Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады
- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады
- Проблемалық жағдаятты шеше алады
- Шығармашылықпен жұмыстана бастайды

Уақыт көлемі, сабақтың жиілігі:
«Математика және логика» қосымша курсы бағдарламасы
34 сағатқа (аптасына 1 сағат) есептеліп құрылған.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар– 2 сынып

« Математика және логика »

Аптасына 1 сағат Жылына 34 сағат

№№	Тақырыбы:	Сағат саны	Өтілетін уақыты
1	Логика әлеміне саяхат.	1	04.09
2	Логикалылық есептер - 1	1	11.09
3	« Апта күндері » өлең жаттау	1	18.09
4	Теңдеу шығару тиімді тәсілі – 1.	1	25.09
5	Заңдылықты сақтап сандар табу	1	02.10
6	Қай фигура жетіспейді?	1	09.10
7	Сандар арқылы сөз жасыру	1	16.10
8	Математикалық домино	1	23.10
9	Қандай сандар жетіспейді ?	1	06.11
10	Өленді есептер	1	13.11
11	Сиқырлы шаршылар	1	20.11
12	Математикалық жұмбақ санамақтар	1	27.11
13	Математикалық жұмбақ санамақтар	1	04.12
14	Логикалық есептер -2.	1	11.12
15	Мұқият орында ! (бояу)	1	18.12
16	Математикалық эстафета	1	25.12
17	Сандары бар мақал –мәтелдер	1	15.01
18	Геометриялық пішіндер. Өленде р.	1	22.01
19	Санайық,есептейік,ойланайық !	1	29.01
20	Математикалық спринт. Тест.	1	05.02
21	Қалып қойған санды тап.	1	12.02
22	Сандар қатарын жалғастыр....	1	19.02
23	Мұқият орында ! (бояу)	1	26.02
24	Сиқырлы шаршылар	1	05.03
25	Математикалық диктант спринт	1	12.03
26	Логикалық есептер	1	19.03
27	Қызықты математикалық сайыс	1	02.04
28	Айырмашылығын тап!	1	09.04
29	Шығармашылық тапсырмалар	1	16.04
30	Өздік жұмысы	1	23.04
31	Шығармашылық тапсырмалар	1	30.04
32	Шығармашылық тапсырмалар	1	30.04
33	Қызықты тапсырмалар	1	14.05
34	Қорытындылау. Тест.	1	21.05

Барлығы: 34сағат.

Атырау облысы
Құрманғазы ауданы
Панфилов атындағы жалпы орта мектебі КММ

Бекітемін :
Мектеп директоры : Л.М.Умирзахова
_____2025 жыл

Келісемін:
ДОІЖО:Е.Дюсенбаева
_____2025 жыл

«Математика және логика» тақырыбындағы таңдау пәніне арналған тақырыптық – күнтізбелік жоспар

3 сынып

Жетекшісі :Ж.Бейшова

2025-2026 оқу жылы

3-сыныпқа арналған факультативтік
курстың бағдарламасы

« Математика және логика »

Түсінік хат

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің Орта білім берудің (бастауыш) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.
3 сыныптың «Математика және логика» қосымша курсына аптасына 1 сағаттан, барлығы 34 сағат бөлінген.

«Математика және логика» қосымша курсының басты мақсаты:
Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

« Математика және логика» қосымша курсының міндеттері:
- Математиканы үйренуге ынтасын арттыру, оқушыларды қызықтыру әрекеттерін қалыптастыру.
- Ойын дәлелді жеткізе білуге жаттықтыру.
- Математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту.
- Шығармашылық ізденіске жетелеу.
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру.
- Талдау, жинақтау, ұқсастықты табу,ерекшелікті ажырату әрекетін дамыту.
- Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

«Математика және логика» бағдарламасы тапсырманы әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі жолдармен есеп шығарудың негізін әзірлейді, тұлғалық –бағыттық тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді. Түрлі жолдармен есепті шешу оқушының өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады,күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдаяттардан жол табу қабілеттерінің дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағытын ұстанады.

Күтілетін нәтиже:
- Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді
- Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады
- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады
- Проблемалық жағдаятты шеше алады
- Шығармашылықпен жұмыстана бастайды

Уақыт көлемі, сабақтың жиілігі:
«Математика және логика» қосымша курсы бағдарламасы
34 сағатқа (аптасына 1 сағат) есептеліп құрылған.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар– 3 сынып

« Математика және логика »

Аптасына 1 сағат Жылына 34 сағат

№	Тақырыбы	Сағат саны	Уақыты
1	Сандарды цифрмен жаз	1	08.09
2	« Апта күндері » өлең жаттау	1	15.09
3	Логикалық тапсырмалар	1	22.09
4	Бағдарлама бойынша мәнін тап	1	29.09
5	Кім жүйрік ?	1	06.10
6	Геометриялық пішіндер. Өлеңдер	1	13.10
7	Теңдеу құр және оны шеш	1	20.10
8	Қызықты тапсырмалар	1	03.11
9	Математикалық жұмбақ санамақтар	1	10.11
10	Логикалық есептер	1	17.11
11	Шығармашылық тапсырмалар	1	24.11
12	Қызықты тапсырмалар	1	01.12
13	Ауызша есептеу	1	08.12
14	Өрнектің мәнін тап	1	15.12
15	Құпия сандар	1	22.12
16	Өрнек құр,салыстыр	1	12.01
17	Жақшасыз өрнектер	1	19.01
18	Салыстыру	1	26.01
19	6 санына көбейту және бөлу	1	02.02
20	Амалдардың орындалу реті	1	09.02
21	Сандарды орналастыр	1	16.02
22	Бұрыштың түрлері	1	23.02
23	Есеп шығару	1	02.03
24	Есепті екі тәсілмен шығару	1	09.03
25	Математикалық домино	1	16.03
26	Санайық,есептейік,ойланайық !	1	30.03
27	10 мен 100сандарына көбейту және бөлу	1	06.04
28	Кім тапқыр ?	1	13.04
29	Теңдеуді тексеру	1	20.04
30	Көлем	1	27.04
31	Дөңгелек сандарды көбейту, бөлу	1	04.05
32	Қалдықпен бөлу	1	11.05
33	Баған түрде есептеу	1	18.05
34	Ойна да, ойла!	1	25.05

Атырау облысы

Құрманғазы ауданы

Панфилов атындағы жалпы орта мектебі

Бекітемін:
Мектеп директоры: Мустахимова Л.У

Келісемін:
Оқу ісінің орынбасары: Дюсенбаева Е.С

«МАТЕМАТИКА ӨМІРДЕ» ФАКУЛЬТАТИВІ

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Сыныбы:4

Мұғалімі: Лукпанова.К

2025-2026 оқу жылы

4-сыныпқа арналған«Математика өмірде»

факультативтік курстың бағдарламасы

ТҮСІНІК ХАТ

Бастауыш сыныптың 4-сыныптарына арналған «Математика өмірде» арнайы курс бағдарламасы оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды әзірлеу және әдістемелік қамтамасыз ету барысында барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды басшылыққа ала отырып, «Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары мен элективті курстарды сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру мазмұны аясында әдістемелік қамтамасыз ету» туралы ереже ҚР-ң 2007жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңына (06.05.2020 жылы енгізілген толықтырулар мен өзгертулер негізінде) сәйкес әзірленді. Бағдарлама мазмұнында аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілген.

Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама оқушылардың математикадан алған білім, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Тереңдетілген бағытта құрылған бағдарлама құрылымында оқушылардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейін ескеріледі. Балалардың танымдық қабілеттерін дамытып пәнге деген қызығушылықтарын арттырудың негізгі бір жолы – дидактикалық материалдар мен қызықты тапсырмалар.

Есеп зерделілікке, қиялдауға, тапқырлыққа, шапшаң есептеу қабілеттерін дамытуға тәрбиелейді. Математикалық викториналар, ребустар, логикалық есептер, математикалық эстафеталар, сөзжұмбақтар шешу, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамды-лыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Өтілетін жұмыстар мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған.

Бағдарламаның мақсаты:

Оқушыларға математикалық білім, білік, дағдыларын игерту;

- Шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- Зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

Бағдарламаның міндеті.

- Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру;
- Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- Математикалық тілде сөйлеу машығын қалыптастыру;
- Оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру.

Оқушылардың біліктілігіне қойылатын талаптар

- Әр түрлі математикалық білім көздерінен мағлұмат ала білу.
- Математикалық есептеудің бастапқы дағдыларын үйрету.
- Математикалық білімді күнделікті өмірде пайдалана білу
- Интеллектуалдық ойындар, конкурстар, жарыстар, олимпиадаларда

Нетістіктерге жетуге ұмтылу

- Өз бетінше есептерді талдау арқылы математикаға қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже.

1. Оқушылар кеңістік денелерді, геометриялық фигураларды ажыратып, логикалық ойды дамытуға арналған білімдерді меңгереді.
2. Математикалық тілде сөйлеуге машықтанып, ой-өрісін, қабілетін дамытады.
3. Даму мониторингі айқын көрінеді.
4. Шығармашылық ой- өрісі дамиды.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ МАЗМҰНЫ

Факультативтің алғашқы 2 сағат 3-сыныптағы Көптаңбалы сандарға біртаңбалы сандарды жазбаша көбейту бөлу, мәтіндік есептерге теңдеу құрастыру, өрнек түрінде шығару, фигуралардың периметрін, көлемін табуға, теңдеулерді шешуге, мәсел есептерді шығаруға байланысты есептер берілген.

1«Көптаңбалы сандарды бір таңбалы сандарға көбейту және бөлу» (2 сағат)

2. «Шамалар. Шамалар арасындағы тәуелділік» (2 сағат),

3.«Екі таңбалы санға көбейту және бөлу» (2 сағат)

4. «Үш таңбалы санға көбейту және бөлу» (2 сағат) тақырыптарынан кейін оқушылардың білімдерін пысықтап әрі 4-сыныпты бітргенде тапсыратын ОЖСБ-ға дайындық мақсатында 1 сағатқа арналған жалпы бағдарлама бойынша **2 сағатты** құрайтын деңгейлік, Өзіндік жұмыс есептері құрастырылған. Сонымен қатар, курс бағдарламасы оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру мақсатында

«Киелі сандар» (1 сағат)

«Математикалық шытырмандар» (1сағат)

«Математикалық эстафета» (1сағат)

«Ребустар және сөзжұмбақтар шешу» (1сағат)

«Қызықты математикалық есептер» (1сағат)

«Жануарлар туралы есептер» (1 сағат)

«Жұмбақ айтысы» (1сағат)

«Логикалық лабиринттер» (1сағат)

«Жас математик» ойын сабақ (1 сағат)

«Математикалық жұмбақ: сиқырлы фигура, қызықты қоршау» (1 сағат)

«Математикалық шытырмандар» (1 сағат) атты тақырыптарға байланысты қызықты есептерден **10сағат** бөлінген.

«Жиындарға арналған есептер» (1 сағат)

«Комбинаторлық тапсырмалар»(1 сағат)

«Ықтималдықты анықтауға арналған тапсырмалар» (1 сағат)

«Сандық заңдылықтарды анықтауға арналған тапсырмалар» (1сағат)

«Теңдеу.Теңсіздіктер» (1сағат)

«Логикалық ой қорыту» (1сағат)

«Арифметикалық амал таңбасын қоюға арналған есептер»(1 сағат)

«Жүз көлемді есептерді шешудің тиімді тәсілдері» (1сағат),«Геометриялық мазмұндағы есептер»(1сағат)

«Таразы арқылы өлшеуге арналған есептер» (1 сағат)

«Алгоритмге арналған логикалық есептер»(1 сағат)

«Үлестер.Санды үлес бойынша табу».(1сағат)

«Пифагордың көбейту кесте сиқыры» (1сағат).

«Жылдамдық» (1сағат) атты тақырыптарда жасалған түрлі деңгейлік, дидактикалық есептер берілген. Әрбір сабаққа ҚР «Білім стандартына сәйкес» 2020ж. 6 сәуірдегі №130 бұйрығын басшылыққа ала отырып қысқа мерзімді сабақ жоспары түзілген. Бағдарлама аптасына -1 сағат, жылына-34сағатқа негізделген.

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Аптасына-1сағат Барлығы- 34сағат

№	Сабақтың мазмұны	Сағат саны	Мерзімі	Ұйымдастыру формасы
1-2	3-сыныпта өткенді қайталау	2	4.11.09	Практикалық
3-4	Көптаңбалы сандарды бір таңбалы сандарға көбейту және бөлу.	2	18.25.09	Практикалық
5	Өзіндік жұмысы	1	2.10	Сынама, өзіндік жұмыс
6	Жиындарға арналған есептер	1	9.10	Практикалық
7	Ребустар және сөзжұмбақтар шешу	1	16.10	Практика-ойын
8	Математикалық эстафета	1	23.10	Практикалық жұмыс, сайыс
9	Комбинаторлық тапсырмалар	1	6.10	Практика-теория
10-11	Өзіндік жұмыс	2	13.20.11	Практикалық
12	Математикалық шытырмандар	1	27.11	Практикалық
13-	Ықтималдықты анықтауға арналған тапсырмалар	2	4.11.12	Теория-практикалық
14	Сандық заңдылықтарды анықтауға арналған тапсырмалар	1	18.12	Практтика-теория
15-16	Үш таңбалы санды көбейту және бөлу	2	25.12	Практика-теория
17	Теңдеу .Теңсіздіктер	1	15.01	Практикалық-ойын
18	Өзін-өзі бағалау. Тест тапсырмалары	1	22.01	Практикалық-сынама
19-20	Жануарлар туралы есептер	1	29.01	Практика-ойын
21	Логикалық ой қорыту	1	5.02	Практтика-теория
22	Арифметикалық амал таңбасын қоюға берілген есептер	1	12.02	Практикалық-ойын
23	Жұмбақ айтысы	1	19.02	Практика-ойын
24	Жүз көлемді есептерді шешудің тиімді тәсілдері	2	26.02 5.03	Практикалық-ойын
25	Логикалық лабиринттер	1	12.03	Практика-ойын
26	Геометриялық мазмұндағы есептер	1	19.03	Теория-практикалық
27	Таразы арқылы өлшеуге арналған есептер	1	2.04	Практикалық
28	«Жас математик» ойын сабағы	1	9.04	Практика-ойын, сайыс
29	Алгоритмге арналған логикалық есептер	1	16.04	Практтика-теория
30	Үлестер .Санды үлес бойынша табу.	1	23.04	Практикалық-ойын
31	Жылдамдыққа арналған есептер	1	30.04	Практика-ойын
32	Пифагордың көбейту кестесінің сиқыры.	1	14.05(7.05)	Теория-практикалық
33	Киелі сандар.	1		Практика-ойын.
34	Қорытынды сабақ.	1	21.05	Өзіндік жұмысы.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. М.Қоянбаев. «Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы» 2005 жыл.
2. «Қызықты грамматика» жұмыс дәптері. «Алматыкітап» баспасы 2012жыл авторы: З.Муфтибекова.
3. «Қазақ тілі» өзіндік жұмыстар. 4-сынып Алматы «Өлке» баспасы 2015 жыл. Авторлары:К.Ерешева, Г.Сүйіндікова
4. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі
5. А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. Алматы. 1992жыл
6. Жұбанов Қ. Тіл ғылымы жөніндегі зерттеулер. Алматы, «Ғылым»,1999 жыл
7. Бастауыш сынып журналдары.
8. Қызықты грамматика. Жұмыс дәптері. Алматыкітап баспасы, 2011 ж.
9. Жұмабаев М. Таңдамалы. Алматы. «Ғылым» 2010 жыл
10. Абай Құнанбаев. Қара сөздер. Алматы, 2008 жыл
11. Есхожин И. Шешендік шиырлар. Алматы. «Қайнар» 1993 жыл
12. АдамбаевБ .Шешендік сөздер. Алматы «Мектеп» 2009 жыл
13. Зәуре Батаева «Мектеп» 2014ж

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ .
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІ
«ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕБІ »
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Бекітемін: _____
Мектеп директоры Л.М. Умирзахова
«28» 08 2025ж

Келісемін: _____
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.С.Дюсенбаева
«28» 08 2025ж

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
Элективті курс
«Ұлттық құндылықтар»

Сыныбы: 10
Пән мұғалімі: Абулхайрова Гулжан
Сағат саны: 34 сағат , аптасына 1 сағат

2025-2026 оқу жылы

1.Түсініктеме хат

«Ұлттық құндылықтар» элективті курс 10-сыныпқа арналған бағдарламаның мазмұны орта білім берудің мемлекеттік стандартының «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттың талаптарына толық сәйкес келеді. 10 сыныптарда «Ұлттық құндылықтар» элективті курс пәніне 34 сағат (аптасына 1 сағат) бөлінеді «Ұлттық құндылықтар» элективті курс ұлттық құндылықтар тақырыбында кең ауқымды ақпаратты қамтиды, оның ішінде қазақ халқының тарихы, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындар мен өнері, әдебиеті мен киімдері, сондай-ақ ұлттық тағамдар мен мәдениетінің ерекшеліктері қарастырылады. Оқушыларды ұлттық құндылықтарды терең түсінуге және оларды өз өмірінде қолдануға бағытталған практикалық тапсырмалар мен іс-шаралар ұсынылады. Бұл курс оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға және қазақ халқының құндылықтарын терең түсінуге бағытталған тиімді оқу құралы болып табылады. Курс барысында оқушыларды ұлттық құндылықтарды сақтау мен насихаттауға бағытталған. Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін бағалай білуге үйрету және практикалық іс-әрекеттер арқылы білімді бекіту. Бағдарлама төрт негізгі бөлімнен тұрады: «Ұлттық құндылықтар» , «Тарих және дәстүрлер» ,«Мәдениет және өнер», «Құндылықтарды сақтау және насихаттау». Оқушыларға грамматика, оның зерттелетін пәндері мен түрлері, морфологиясы туралы терең теориялық білім беріледі, сөйлеу мәдениеті мәселелері туралы түсініктері қалыптасады. Практикалық жұмыстарды орындай отырып, оқушылар сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытады, шығармаларды түсініп оқуға, оларды жан-жақты талдауға, еркін ойлауға, жазбаша және ауызша пікір алмасуға, мәтін мазмұнын ашуға үйренеді. Бұл бағдарлама ұлттық құндылықтарды тереңдетіп оқытуға арналған және оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыруға бағытталған.

Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының ұлттық құндылықтарын таныстыру, ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің маңызын түсіндіру және олардың ұлттық құндылықтарды сақтауға және насихаттауға дайын болуын қамтамасыз ету.

Міндеттері:

1. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне шолу жасау.
2. Ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды үйрету.
3. Қазақ ұлттық өнері мен әдебиетін таныстыру.
4. Ұлттық құндылықтарды сақтау және насихаттау әдістерін үйрету.

Бағдарламаның өзектілігі: Қазіргі заманғы жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің сақталуы мен дамуы маңызды. Бағдарлама оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырып, олардың өз мәдениетіне деген мақтанышын күшейтеді.

Бағдарламаның ерекшелігі: Бағдарлама оқу процесіне ұлттық ойындар мен өнерді енгізу арқылы оқушылардың мәдениетке деген қызығушылығын оятып, ұлттық құндылықтарды практикада қолдануға мүмкіндік береді.

Ғылыми-әдістемелік деңгейі: Бағдарлама ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер туралы ғылыми деректер мен зерттеулерге негізделген. Бағдарлама қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен дәстүрлеріне негізделген ғылыми деректерді қамтиды. Мазмұны әдебиет, тарих және мәдениет саласындағы ғылыми зерттеулерге сүйенеді.

Бағдарламаның ғылымилығы: Бағдарламаның ғылымилығы қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы мен ұлттық құндылықтарын насихаттауға, оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға негізделеді. Курс арқылы оқушылар ұлттық құндылықтардың маңызын түсініп, оларды сақтау және ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге үйренеді. Курс мазмұны ғылыми тұрғыдан негізделген және заманауи педагогикалық әдістерді қолдана отырып әзірленген.

Бағыттылығы: Бағдарлама оқушыларды ұлттық құндылықтарды сақтау мен насихаттауға бағытталған. Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін бағалай білуге үйрету және практикалық іс-әрекеттер арқылы білімді бекіту.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылар ұлттық құндылықтарды түсінеді және бағалайды.
2. Оқушылар ұлттық дәстүрлер мен мәдениет элементтерін қолданады.
3. Оқушылар ұлттық құндылықтарды сақтау және насихаттау жолдарын біледі.
4. Оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы артады.

Авторлық бағдарламаны іске асыру нысандары:

Теориялық сабақтар: Ұлттық құндылықтар туралы лекциялар, қазақ халқының мәдениеті, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы оқыту.

Практикалық сабақтар: Оқушылардың ұлттық өнер түрлерімен, қолөнермен, ұлттық тағамдарды дайындау тәсілдерімен танысуы.

Жобалық жұмыстар:Оқушылардың ұлттық құндылықтарға арналған жобаларды әзірлеуі, оларды қорғауы.

Экскурсиялар: Мұражайларға, тарихи ескерткіштерге, ұлттық мәдениет орталықтарына бару.

Шығармашылық тапсырмалар: Ұлттық тақырыпта шығармашылық жұмыстар, өлеңдер, әңгімелер жазу.

Білімге, дағдыларға және қабілеттерге қойылатын талаптар:

Білу/түсіну:

- Қазақ халқының тарихы мен ұлттық құндылықтары туралы білім.
- Ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және мерекелердің ерекшеліктері.
- Қазақ ұлттық өнері мен әдебиетінің негізгі өкілдері мен шығармалары.

Қолдану:

- Ұлттық ойындарды және дәстүрлі іс-шараларды ұйымдастыру.
- Қазақтың ұлттық киімдерін, тағамдарын және өнер туындыларын таныстыру.
- Ұлттық құндылықтарды сақтау және насихаттау үшін түрлі әдістерді қолдану.

Жинақтау/бағалау:

- Ұлттық құндылықтар туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу және оларды қорытындылау.
- Ұлттық мәдениет элементтерін қолдана отырып шығармашылық жобалар жасау.
- Ұлттық құндылықтарды насихаттау және сақтау бағытында жоспарлар мен ұсыныстар жасау.

Тақырыптық күнтізбелік жоспар

	Сабақтың тақырыптары	Сағат саны	мерзімі	ескертулер
бөлім. « Ұлттық құндылықтар» (3сағат)				
	Кіріспе .Ұлттық құндылықтар дегеніміз не?	1 сағат	2.09	
	Мәдениет пен ұлттық құндылықтар арасындағы байланыс	1 сағат	9.09	
	Қазақ мәдениетінің ерекшеліктері	1 сағат	16.09	
2 бөлім « Тарих және дәстүрлер» (10сағат)				
	Қазақтың тарихи оқиғалары	1 сағат	23.09	
2	Халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары	1 сағат	30.09	
3	Қазақтың ұлттық ойындары (Ақсүйек,алтыбақан ,асық, тоғызқұмалақ, т.б.)	1 сағат	7.10	
4	Мерекелер (Наурыз, Ұлыстың ұлы күні, т.б.)	1 сағат	14.10	
5	Қазақтың ұлттық киімдері (шапан, камзол, т.б.)	1 сағат	21.10	
6	Қолөнер (құрақ, тері өңдеу, т.б.)	1 сағат	4.11	
7	Тұлғалар және тарихтағы рөлі: қазақтың көрнекті тұлғалары (бабалар, батырлар, ақындар)	1 сағат	11.11	
8	Тұлғалардың ұлттық құндылықтардағы рөлі	1 сағат	18.11	
9	Көшпелілердің ғажайып мұрасы ;	1 сағат	25.11	
10	Суретші Ә.Қастеев атындағы музейге саяхат	1 сағат	2.12	
№3 бөлім «Мәдениет және өнер» (11 сағат)				
3.1	Қазақтың халық әндері	2 сағат	9.12	16.12
3.2	Әншілер мен музыканттар	1 сағат	23.12	
3.3	Қазақ әдебиетінің классиктері	1 сағат	13.01	
3.4	Жазушылар мен олардың шығармалары	1 сағат	20.01	
3.5	Қазақ театрлары мен олардың репертуары	1 сағат	27.01	
3.6	Қазақ киносының тарихы	1 сағат	3.02	
3.7	Қазақтың ұлттық тағамдары (қазақша ет, бауырсақ, т.б.)	1 сағат	10.02	
3.8	Тағамдардың жасалуы мен мәдени мәні	1 сағат	17.02	
3.9	Ұлттық музейге саяхат	2 сағат	24.02 3.03	
№4 бөлім «Құндылықтарды сақтау және насихаттау» (10 сағат)				
4.1	Ұлттық құндылықтарды сақтау жолдары: Құндылықтарды сақтау және жаңғырту тәсілдері	1 сағат	10.03	
4.2	Бүгінгі күннің құндылықтары	1 сағат	17.03	
4,3	Әдет-ғұрыптарды қалай жаңғыртуға болады?	1 сағат	7.04	
4.4	Бірлігі жарасқан ел. Жаңа ұрпаққа таныстыру	1 сағат	14.04	
4.5	Менің тәуелсіз Қазақстаным.	1 сағат	21.04	
4.6	Ту. Гимн. Елтаңба	1 сағат	28.04	
4.7	Тәуелсіздік символы – ұлттық теңге	1 сағат	5.05	
4.8	Ұлттық құндылықтарды насихаттайтын жобалар ұйымдастыру	3сағат	12.05 19.05	Апта күні жетпегендіктен біріктірілді
	Барлығы	34		

«Қаралды»

Хаттама № 1 «28» тамыз 2024ж.

Бірлестік жетекшісі: Г.Абулхайрова

Атырау облысы
Құрманғазы ауданы
Панфилов атындағы жалпы орта мектебі

Бекітемін:
Мектеп директоры м.а.:
_____Л. М. Умирзахова
«28» тамыз 2025 жыл

Келісемін:
ДОІЖО : Дүйсеева -
_____Е.С.Дюсенбаева
«28» тамыз 2025 жыл

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
«Туризм географиясы» эллективті курсы

Сыныбы: 10
Пән мұғалімі: Мурзагалиева Г

2025-2026 оқу жылы

Түсініктеме хат

10 сынып оқушыларына арналған **«Туризм географиясы»**– атты факультатив сабақтың алдына қойған мақсаты – туризм әлемдік экономиканың ең қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады. Аймақтық білімнің маңыздылығы артып келеді. Ол туризмнің теориялық аспектілерін, туристік қызметтің мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін жағдайлар мен ресурстарды, туристік институттарды зерттейді.Бағдарламаның ерекшелігі – мазмұны бейіндік сәйкес таңдалған пәндердің терең мазмұнын жүзеге асыруға ықпал ете алады және маңыздылығы кем емес, жалпы маңызды мәдени бағытты алып жүруге, жан-жақты қалыптастыруға ықпал ететін білімді тұлғаны қалыптастыру. Жер шарындағы елдердің табиғаты, байлығы, туристік жерлерін жете білу, салт-дәстүрлері мен құндылықтарын оқып түсіну, оларды салыстыра отырып әртүрлі тақырыптар құрылған. Еуропаның дамыған елдеріндегі туризм орталықтарының дамуы, халықты қабылдауы жөнінде қарастырылған.

Туризмді дамыту үшін, еліміздің шетелдермен қазіргі кездегі жақсы қарым-қатынасын, ол елдерден үйреніп жатқан іс-әрекеттердің пайдасын көру керектігі жайында және қалалардың дамуына ықпал ететін маңызды білім мен еңбек ету керектігі туралы тақырыптар бар. Халықаралық туристік қызмет жеке тұлғаның толық және үйлесімді дамуына негізделген қажетті қайта құрулардың құрамдас бөлігі болып табылады. Бағдарламаны оқушылардың қызығушылығын таныта отырып, басқа елдердің табиғат құпияларын білуге, саясатты түрде бағыттай отырып құрастырған.Оқушыны мамандық таңдауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Әлемдік деңгейдегі Қазақстандағы туризмнің жағдайымен және ерекшеліктерімен таныстыру;
- Туризм географиясының негізгі ұғымдарын, түрлері мен даму кезеңдерін қарастыру;
- Туризм географиясының негізгі ұғымдары, туризм түрлері;
- Қазақстанның шетелдермен байланысын кең көлемде меңгеру;

Қысқаша мазмұны:

Бұл бағдарламада барлық сағат саны – 34. Аптасына – 1сағ.

1 - тоқсанда – жалпы туризмнің негізгі ұғымдары туралы тақырыптар қамтылып, туризм географиясының мәселесі,олардың демографиямен және экономикамен байланысы және емдік, сауықтыру орындары, Қазақстандағ туризмнің дамуы мен туризмнің функциялары туралы қамтылған.

2-тоқсанда – Қазақстанның туристік аймақтары, Азия елдеріндегі туризмнің жақсы жолға қойылып, дамуы туралы тақырыптар қамтылған.

3-тоқсанда – халық және оның туристік сұраныс, Еуропа елдеріндегі туризмнің дамуы қарастырылған.

4-тоқсан бойынша – туризмді дамытудың саяси шарттары, туристердің құқықтары мен мүдделерін қорғау және экономика және инфрақұрылым туралы тақырыптар қарастырылған.

Мақсаты:

- Еліміздегі туристік нысандарды дамытуға атсалысу;
- Туризм географиясының негізгі ұғымдарын, түрлері мен даму кезеңдерін үйрену;
- Оқушылардың ой-өрісін кеңейту;
- Оқушыны мамандық таңдауға тәрбиелеу,

Күтілетін нәтиже:

Бұл бағдарламаның соңында айтылатын негізгі мәселелер – әр тақырыпты оқып, түсініп қана қоймай, сонымен бірге қосымша ақпараттарды интернет желілерінен қарастырып, одан әрі өз білімдерін толықтырып отыруға жол ашу. Еуропа мен Азия бөліктерінің бір-бірінен айырмашылығын ескере отырып, олардың экономикадағы алатын үлестерінің жан-жақты даму жолдары, туристік аймақтардың елге әкелетін пайдасы, адам денсаулығы мен оның рухани дамуына ықпалын түсіну. Қосымша материалдарды пайдаланып, тақырыптың мәнін аша түсуге үйрету.

Мұғалім үшін пайдаланған әдебиеттер:

1.География және табиғат. Педагогикалық журнал. С.Әбішқызы. 2015жыл.
2. «Әлем елдеріне саяхат». Географиялық журнал. А.Каймулдинова. Алматы. «Қайнар» 2006 жыл
3. Реклама в туризме А.П. Дурович, М., 2005г.
4. Туризм В.А. Квартальнов М., 2008г
5. Еуразия. Энциклопедия. К. Марков, А. Веренков. Москва. 1996жыл

Оқушылар үшін пайдаланған әдебиеттер:

1. Жер шарына саяхат. Балаларға арналған журнал. С. Кенжекеева. Алматы. «Өркен» 2010жыл
2. Бәрін білгім келеді. Энциклопедия кітап. Ж.Жиенбаева, С.Отарбаева. Алматы «Қайнар» 2011жыл
3. «Азия елдері». Оқушыларға арналған оқулық. С. Әбілмәжінова. Алматы. «Мектеп» 2012жыл
4. «Еуропа елдері». Оқулық. Алматы. «Қайнар» 2018жыл

«Туризм географиясы»
Сыныбы: 10
Барлығы: 34 сағат. Аптасына: 1 сағат

№	Тақырыбы	сағат саны	Мерзімі	Ескерту
	1 тоқсан			
1	Туризмнің негізгі ұғымдары	1	05.09.2025	
2	Туризм географиясының мәселесі,олардың демографиямен және экономикамен байланысы	1	12.09.2025	
3	Туризм географиясының нысандары	1	19.09.2025	
4	Туризм түрлері: емдік, сауықтыру орындары	1	26.09.2025	
5	Ұйымдастыру сипаты бойынша туризмнің жіктелуі	1	03.10.2025	
6	Қазақстандағы туризмнің дамуы	1	10.10.2025	
7	Қазақстанның жеті кереметі	1	17.10.2025	
8	Туризмнің функциялары	1	24.10.2025	
	2 тоқсан			
9	Халықаралық туризм	1	07.11.2025	
10	Азия елдерінде туризмнің дамуы	1	14.11.2025	
11	Тест жұмысы	1	21.11.2025	
12	Қазақстанның туристік аймақтары	1	28.11.2025	
13	Түркия елі.Туристік қалалары, маңызы	1	05.12.2025	
14	Туризмнің тарихы	1	1212.2025	
15	Атласпен, картамен жұмыстар	1	19.12.2025	
16	Иран елі.Тарихи-мәдени ескерткіштері	1	26.12.2025	
	3 тоқсан - сағат			
17	Грузия елі, туристік аймақтары	1	9.01.2026	
18	Қытай елінің туристік орталықтары	1	16.01.2026	
19	Жапония елі, туризм орталықтары	1	23.01.2026	
20	Халық және оның туристік сұранысы	1	30.01.2026	
21	Туристік ресурстардың түрлері	1	6.02.2026	
22	Туристік ұйымдардың түрлері	1	13.02.2026	
23	Еуропа елдерінде туризмнің дамуы	1	20.02.2026	
24	Франция елі, туризм орталықтары	1	27.02.2026	

25	Италия еліндегі туризмнің дамуы	1	6.03.2026	
26	Греция еліндегі туризмнің дамуы	1	13.03.2026	
	4 тоқсан – сағат			
27	Туристік нарықтың ерекшеліктері	1	03.04.2026	
28	Әлемдік туристік нарықтың дамуы	1	10.04.2026	
29	Туризмдегі жарнама.	1	17.04.2026	
30	Әлем елдерінің туристік ерекшеліктері	1	24.04.2026	
31	Туризмді дамытудың саяси шарттары	1		1.05 мереке күнге байланысты 8.05 күнімен біріктірілді
32	Туристердің құқықтары мен мүдделерін қорғау	1	8.05.2026	
33	Экономика және инфрақұрылым	1	15.05.2026	
34	Тест жұмысы	1	22.05.2026	

28.09.25. Басшысы

«Бекітемін»
Атырау облысы
Білім беру басқармасының
Құрманғазы ауданы білім бөлімінің
«Панфилов атындағы жалпы орта
мектебінің » КММ-нің директоры м.а: Умирзахова Л.М
« 28 » тамыз 2025-2026о/ж

«Келісемін»
Директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары: Дюсенбаева Е.С
« 28 » 08 2025-2026 о/ж

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Пәні: «АЛАШТАНУ» таңдау курсы

Сыныбы: 11

Мұғалімі:Ажмеденова Тоқтар Тасқалиқызы

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013ж. 13.04.
№115 бұйрығына 112-қосымша

«АЛАШТАНУ» таңдау курсының бағдарламасы

Түсінік хат

Бағдарлама 27.04.2012ж. бекітілген «Қазақстанның ішкі саясатындағы идеологиялық менеджменті қайта жаңғырту жөніндегі 2012-2013жж.арналған Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының» 41,42- тармақтарына сәйкес әзірленді.
Алаш қозғалысы- қазақ елі тарихының жарқын бір беті, ұлттық рух пен мемлекеттілік идеясы мен отандық ғылым мен білімнің, мәдениет пен руханияттың айқын көрінісі. ХХғ.алғашқы ширегіндегі Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттері Алаш қозғалысы, Алаш партиясы және Алашорда тарихымен тікелей байланысты.
Қазіргі уақытта қоғамда Алаш идеясы- тәуелсіздік идеясы деген ой-пікір берік қалыптасуда.білім беру үдерісінде ХХғ. I ширегінде Алаш қозғалысына байланысты құбылыстар, оқиғалар, тұлғалар мен еңбектер туралы оқушылардың түсінігін, талдау дағдысын қалыптастыру- ел тәуелсіздігі талаптарымен орайласып жатқан көкейкесті міндет.
Мақсаты: Алашордалықтардың өнегелі өмірі мен халқы үшін жасаған еңбегі,ғ ылыми шығармашылық жұмыстары, қазақ тарихында алатын орны туралы оқушыларға тиянақты білім беру, сол арқылы алаш зиялыларының тұлғасын терең тануға бағыттау.
Міндеті: бүгінгі таңда жастардың бойына тұлғалық сипатын қалыптастыру, отан сүйгіштік , ұлтжандылық азаматтық қасиеттерді ұялатуға курстың атқаратын ролі зор. Алаш зиялыларының өмірі мен қызметін, шығармашылығын оқушыларға үлгі- өнеге ету оң нәтиже береді.
Алаш зиялылары туралы мағлұмат алып, олардың тарихта алатын орны мен азаматтық келбетін көрсету;
